

**6D040800 – Эстрада өнері мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
Кайсиди Иоаннис Георгиевичтің
«Заманауи Қазақстан өнеріндегі вокалдық-эстрадалық
орындаушылықтың қалыптасуы» тақырыбындағы
диссертациясының мәтініне
АҢДАТПА**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Бүгінгі таңда вокалдық-эстрадалық музыканы зерттеу заманауи ғылымның көптеген салалары мен тәжірибе үшін маңызы зор болып табылады. Оған себеп, вокалдық-эстрадалық музыка академиялық музыкаға қарағанда едәуір кешірек пайда болғанымен, бүгінде оның сан алуан стилистикалық түрлері бар және олар өзара мазмұны, мәнерлік құралдары, ұлттық нақышы және т.б. сипаттарынан кей жағдайда мүлдем қатты ерекшеленеді. Осы орайда вокалдық эстраданың сан қырлы қайнар бұлағы, түп тамыры, белгілі бір ұлттық мәдениеттің көптеген жанрларында көрініс тапқан оның стильдік және өзіндік ерекшеліктері туралы сауал заңды түрде туындайды. Әлбетте, бұл мәселелерді зерттеу ғылым саласында перспективалық маңызы зор жұмыс болып табылады.

Осы тұрғыда біз, ең алдымен, қазақ ұлттық музыкасының дәстүрлі жанрларының вокалдық-эстрадалық жанрмен тарихи-генетикалық байланыстарын ашуды көздеп отырмыз. Осыдан кейін вокалдық-эстрадалық музыканы ұлттық стильдің кешенді мәнерлі құралдары мысалында, атап айтқанда қазақ ұлттық мелосының ең көрікті элементтері негізінде паш етуге болады. Бүгінгі таңда да дәстүршілдік жүйесіндегі әрекет етуші фактор, анықтаушы сипаттарының бірі болып саналатын, Қазақстанның вокалдық эстрадалық музыкасындағы сипаттық ерекшеліктерінің өзара байланысына сілтеме жасаудың өзі жеткілікті.

Аталған мәселені зерттеудің тағы бір қажеттілігі заманауи вокалдық-эстрадалық музыканың осы күнге дейін жүйелі музыкатанушылық зерттеу пәніне айналмағанында жатыр. Музыкатанушылық әдістеме отандық ғылымға тек заманауи бұқаралық мәдениетті ғана емес, сондай-ақ қоғамдық өмір феноменін тереңірек түсінуге және оған баға беруге белгілі бір мөлшерде үлес қосады. Біз таңдаған тақырыптың зерттелу деңгейін өзге өнер жүйесіндегі жеке компоненттер мен сапа параметрлері жанама түрде қарастырылатын философиялық-мәдени, эстетикалық және өнертанушылық бағыттарға бөлген жөн.

Ең алдымен келесі жәтті айтып өту қажет: вокалдық-эстрадалық музыка орындаушылығының негізін үйрету кәсіби мәдениетті қалыптастыру тұрғысынан жүзеге асырылуы тиіс, атап айтқанда: сахналық бейнені жасауда көркем ойлау қабілеті, орындаушылық техникасы мен жетілген көркем

талғамның қосындысы негізіндегі әдіс-тәсілдердің гармониясы. Орындаушының өз эмоционалды қалпының динамикасын басқара білуі көрермен мен тыңдарманның психологиялық қалпына ене білу, концерт кезінде олармен сұхбаттасқанда эмоционалды түрде идентификациялану қасиетінің арқасында жүзеге асады. Орындаушының өз психофизикалық мүмкіндіктерін орынды әрі терең қолдана білуі, сонымен қатар эмоционалды-коммуникативті әсер ету мен актерлік мәнерлікті жан-жақты игергені оған толыққанды шығармашылық атмосфераны жасауға және оны сақтап тұруға мүмкіндік береді.

Заманауи музыкант маманның вокалды-эстрадалық орындаушылық мәселесін талдау арқасында музыканттың, яғни вокалды-эстрадалық орындаушының кәсіби қызметіне деген өсіп келе жатқан талаптар мен оның өз нақты жағдайы арасында **қарама-қайшылық** бар екені айқындалды. Теориялық негіздемелердің барына қарамастан, вокалды-эстрадалық өнер шығармаларының, сондай-ақ музыкалық орындаушылық шығармашылығы үдерісінің көркемдік-эстетикалық құндылықтарын қамтамасыз ететін әдістемелік негіздердің қажетті деңгейді дамымағаны орын алып отыр.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолдарын іздеу диссертациялық тақырыптың – «Заманауи Қазақстан өнеріндегі вокалды-эстрадалық орындаушылықтың қалыптасуы» таңдалуына алып келді.

Зерттеу нысаны: сан алуан көркемдік көріністің айғағы және бұқаралық мәдениеттің даму тарихындағы феномені ретіндегі кәсіби вокалды-эстрадалық орындаушылық өнер.

Зерттеу пәні: Қазақстандағы вокалды-эстрадалық орындаушылық өнердің қалыптасу үдерісі.

Зерттеу мақсаты: вокалды-эстрадалық орындаушылықтың сипаттық ерекшеліктерін және вокалды-эстрадалық орындаушыларды дайындаудағы білім беру тенденцияларын айқындау.

Аталған мақсатқа қол жеткізу барысында келесі **міндеттер** қойылып отыр:

- Вокалды-эстрадалық өнердің негізгі әлеуметтік-мәдени контекстін және этникалық музыкалық дәстүрмен онтологиялық байланысын айқындау;

- Отандық музыкалық эстраданың пайда болу алғы шарттарын және Қазақстанның вокалды-эстрадалық өнердің қалыптасу кезеңдерін ашып көрсету;

- Қазақстанның музыкалық эстрада өнері мен орындаушылық өнерінің мәні мен мазмұндық сипаттарын айқындау;

- Эстрадалық-орындаушылық қызметтегі вокалды өнердің іргелі заңдылықтарын қарастыру;

- Болашақ мамандарды вокалға үйрету тәжірибесіндегі эстрадалық орындаушылықтың өзіндік ерекшеліктерін айғақтау;

- Вокалды-эстрадалық өнерді және орындаушылық өнерді зерттеушілерін дайындаудағы шығармашылық әлеуетін іске асырудың мазмұндық бағытын

музыкалық эстрадалық вокалистердің орындаушылық көркемдік-әртістік практиканың қазіргі заманғы көрінісі арқылы анықтау.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі қазіргі заманғы қоғамның рухани және эстетикалық өмірінің ажырамас бөлігі ретінде эстрадалық музыкалық өнерді зерттеуде философия, мәдениеттану және өнертануды ықпалдастыру туралы негізгі тұжырымдамалар құрды; адамның субъективтілігінің белгілі бір шегіне тікелей қатысы бар, даралықты қабылдау, эстетикалық талғамы және т.б ерекшеліктері мен өзін-өзі жүзеге асыру механизмдері туралы идеялар; бұқаралық және эстрадалық өнер сияқты ұғымдардың, олардың сапалық сипаттамаларының, қазақстандық мәдениеттің пайда болуы мен дамуының әлеуметтік, аксиологиялық, мәдени және эстетикалық мазмұны бойынша кешенді жүйелік тәсіл; қазақ ұлттық музыкасы негіздерінің ұлттық стильдің мәнерлі құралдары мен тұрақты элементтерінің мысалында вокалдық-эстрадалық жанры мен қазақ мелосының дәстүрлі негіздерінің тарихи-генетикалық өзара байланысы.

Зерттеу үдерісінде біз пәнаралық ғылыми білімге жүйелік бағдар бердік, өйткені бастапқыда таңдалған мәселенама түрлі **зерттеу әдістерін** қолдануды қамтитын, мысалы:

- Шығармаларды зерттеудің теориялық негіздеріне сүйенетін музыкалық сарапта әдісі, кейінірек түрлі музыкалық-мәнерлі құралдарды қамту;

- Музыкалық тілдің әртүрлі архетиптерін қамтитын және эстрада өнері мен орындаушылықтың маңызды аспектілері контекстінде құндылық жүйелерінің жалпы өзара байланысы бар мәдениеттанушылық, гносеологиялық және аксиологиялық әдістер;

- Сабақтас гуманитарлық ғылымдар және көркемөнер тарихы, философия, мәдениеттану, фольклор, этнография, психология әдістері;

- Музыкалық эстрадалық өнер вокалисінің ғылыми-зерттеу және орындаушылық қайраткерлікті тәжірибелік түрде игеру әдісі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Қазіргі заманғы музыкатануда тұңғыш рет эстрада өнерінің теориялық және практикалық мәселелерін күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде түсінуге әрекет жасалды;

- Қазақстандағы вокалдық-эстрадалық өнердің қалыптасуының негізгі кезеңдері мен ұлттық музыкалық эстраданың пайда болуының тарихи негіздері ашылды;

- Қазақстан эстрадалық музыка өнерінің мәні мен мазмұндық сипаттамалары, вокалдық-эстрадалық орындаушылықтың іргелі заңдылықтары анықталды;

- Вокалдық-эстрадалық өнердің көп өлшемді және көп деңгейлі үдеріс ретінде қалыптасуындағы заңдылықтар дәлелденді;

- Болашақ мамандардың вокалдық білім беру тәжірибесінде эстрадалық орындаушылықтың өзіндік ерекшеліктері анықталды;

- Вокалдық-эстрадалық өнер және орындаушылық мәселелерді зерттеушілерін дайындаудағы шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру стратегиясы музыкалық эстрада вокалистерінің концерттік-орындаушылық қызметі, яғни олардың көркемдік-әртістік тәжірибесі арқылы ашылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Музыкатуанда зерттелетін мәселеге қатысты арнайы ғылыми жұмыстар саны жеткіліксіз екенін мойындауымыз керек. Осы тұрғыдан алғанда – мәдениеттану, эстетика, әлеуметтану, әдебиеттану, театртануды сияқты сабақтас ғылымдардың мамандарын сараптамалық мазмұнымен тығыз байланыста жұмыс істеуге, белгілі бір мәселе тұрғысынан вокалдық-эстрадалық өнерге және орындаушылыққа тікелей қатыстыру қажет. Атап айтқанда, мәдениеттану саласындағы фундаменталды жұмыстардың ішінен М.Каган, К.Теплиц, В.Шестаков, Т.Черниченко және т.б., әлеуметтануда – Ю.Давидов, И.Роднянская, А.Сохор және т.б. жұмыс; әлеуметтік-мәдени және мәдени-демалыс қызметі саласынан – М.Арянский, Т.И. Бакланова, А.Д.Жарков, Л.С.Жаркова, Ю.Д. Красильникова, Т.Г. Киселева, Е.И. Петрова, Б.Сафаралиев, Ю.А.Стрельцов және басқалар; философиялық-мәдениеттанушылық тұрғысынан – Т.В. Адорно, С.А. Иванова, Н.И. Кияшченко, Г. Маркузе, Х.Ортега-и-Гассет және басқалар. Сондай-ақ, түрлі ғылымдар өкілдерінің теориялық-әдістемелік, қолданбалы идеялары зор септігін тигізді, атап айтқанда: музыкадан – Е.Б.Абдуллин, Ю.Б.Алиев, Л.Г.Арчажникова, Л.А.Баренбойм, Г.Л. Эрземский, А.В.Малиновская, И.А.Мусин, Г.Г.Нейгауз, В.Г.Ражников, Г.М.Цыпин, П.А.Черватюк, Л.В.Шамина және басқалар; театрдан – С.В. Гиппиус, Ю.А. Завадский, М.О.Кебель, З.Я.Корогодский, А.Д.Попова, К.С. Станиславский, И.Г.Шароев және басқалар. Джаз саласында эстрадалық музыканы орындау технологиясына бағытталған тарихи-өнертанушылық негізі танымал шығармашылық шеберлердің ғылыми материалдарынан құралған: И.МБрил, С.С.Клинтин, В.Г.Конен, Э.М.Кузнецов, Е.В. Овчинников, Е. Саулский, Б.К.Шьейнпресс, Ю.Н. Чугунов және басқалары, вокалдық-эстрадалық орындаушылық саласында – О.Я. Клипп, И.В. Сахнова, Л.К.Кесоглу және тағы басқалары.

Сондай-ақ, қарастырылып отырған феноменнің кішігірім ғана зерттелгені мен оның теориялық мәселелерінің ерекшеліктерін қарастыратын мамандандырылған әдебиеттің жетіспеушілігіне байланысты оның маңызды жақтарын ғылыми түрде пайымдауға қиыншылықтар туады. Сонымен бірге, соңғы жылдары қазақстандық музыкатуанушылардың ұсынылған бағытқа тиісті баға беруін және оның жалпы теориялық негізін қалыптастыруды қалайтыны анық. Олардың ішінде Д.Әмірованың, А.Айтуарованың, Г.Абдрахманның, А.Омарованың, О.Ощепкованың, Г.Мұсағұлованың және т.б. ғылыми еңбектері алдыңғы қатарда тұр.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

- Эстрадалық шығармашылық белгілі бір өнер түрін ғана емес, сондай-ақ, академиялық музыкамен және музыкалық этникалық дәстүрмен бірге біртұтас

бірлікте өмір сүріп келе жатқан әлеуметтік-мәдени құбылыс, прогрессивті дамып келе жатқан орындаушылық саласы ретінде қарастырылады және халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан үлкен сұранысқа ие, соның ішінде ересек тыңдарман аудиториясы да бар;

- Музыкалық эстраданың генезисі қазақстандық қоғамның тарихы мен Қазақстан мәдениетінің тарихымен, әлеуметтік-мәдени және саяси өзгерістердің әсерімен, қазақ халқының музыкалық дәстүрінің генетикалық сақталу мәселесімен байланысты;

- Қазақстанның вокалдық-эстрадалық және орындаушылық өнері – қазақ орындаушылық өнерінің музыкалық дәстүрі мен модерн синтезделген бірегей құбылыс;

- Вокалдық-эстрадалық орындаушылық – көп деңгейлі көркемдік үдеріс, ол әр түрлі жеке интерпретацияларда орындаушылық ойды жеткізу мәселелеріне кешенді әдістемені қажет етеді;

- Музыкалық-теориялық тұжырымдамаларды ғылыми тұрғыда дәлелдеуге және оларды вокалдық-эстрадалық орындаушылық саласындағы практикалық іске асыру мәселесіне толыққанды, жүйелі-кешенді әдістеме кейіннен оның сипаттамалық белгілерін айқындау қазақстандық өзіндік ерекшеліктері бар эстрада орындаушылығы заманауи жобасын іске асыруға ықпал етеді;

- Креативтілік және шығармашылық әлеуетті іске асыру вокалдық-эстрадалық өнерді және орындаушылықты дамытудың басты факторы болып табылады, өйткені осы үдерісте эстрадалық өнердің орындау техникасы мен мазмұны модельденді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңыздылығы

Диссертациялық материалдар отандық музыка білімінің тарихы және теориясы, мәдениеттану, өнертану және музыкалық пәндер бойынша шығармашылық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасында, сондай-ақ эстрадалық өнер кафедраларында арнайы пәндерді оқыту тәжірибесінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеудің әдіснамалық аспектілері музыкалық шығармашылықтың басқа жанрларын зерттеу үдерісінде ұлттық дәстүрлердің пайда болуының қазіргі заманғы құрылымына әсер ететін әмбебаптығы көрінісі ретінде тиімді пайдаланылуы мүмкін.

Музыкалық эстрадалық вокалистердің концерттік-орындаушылық қызметі туралы ұсынылған материал Қазақстанда эстрадалық музыкалық мәдениеттің алуан түрлі стилистикалық үрдістері мен жанрларын ашуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерін сыннан өткізу және енгізу

Жұмыстың нәтижелері сегіз басылымда, соның ішінде, біреуі – Scopus халықаралық дерекқорында енген ғылыми жарияланымда, үшеуі – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми

басылымдарда, төртеуі – халықаралық ғылыми конференциялардың материалдар жинақтарында жарияланған.

Диссертация құрылымы

Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Кіріспе тақырыптың өзектілігін, зерттеудің тұжырымдалған ғылыми аппаратын, ғылыми жаңалығын, қол жеткізген ғылыми нәтижелердің тәжірибелік құндылығын, қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдарын қамтиды.

Бірінші тарауда отандық музыкалық эстраданың пайда болу алғы шарттары қарастырылып; Қазақстанның вокалдық-эстрадалық өнердің қалыптасу кезеңдері ашып көрсетілген.

Екінші тарауда эстрадалық музыка өнерінің мәні мен мазмұндық маңызы сипатталып; эстрадалық-орындаушылық қызметте вокалдық өнердің іргелі заңдылықтары зерттеліп, айғақталған.

Үшінші тарауда болашақ мамандарға вокалдық білім беру тәжірибесіндегі эстрадалық орындаушылықтың ерекшеліктері сипатталып; вокалдық-эстрадалық өнер және орындаушылықты зерттеушілерін, музыкалық эстрада вокалистерін дайындаудағы шығармашылық әлеуетін іске асыру зерттеу жүргізілді.

Қорытындыда зерттеудің нәтижесі шығарылды, негізгі қағидалар тұжырымдалды, одан әрі жұмыс істеу үшін перспективалы бағыттар айқындалды.

Қосымшада вокалдық-эстрадалық орындаушылық өнер бойышна тәжірибелік әзірлемелер ұсынылған.